

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Тахтаброд ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 ақпандағы № 11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 ақпанда № 7134 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Тахтаброд ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Тахтаброд ауылдық округі әкімінің 21.05.2021 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 – бабының 7) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 09-08/41 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Тахтаброд ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Тахтаброд ауылдық округінің Ковыльное ауылындағы "Ақселеу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы фермасының аумағында ірі қара мал арасында ринотрахеит жұқпалы ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тахтаброд ауылдық округі әкімі*

*С. Жильцов*